

Қазақстан Республикасының
Президенті



Президент
Республики Казахстан

ЖАРЛЫҚ

У К А З

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі
актілерінің жинағында және республикалық
баспасөзде жариялануға тиіс

**«Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары,
ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен
ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы»
Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі
№ 555 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» 1995 жылғы
26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-бабы
4-1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары,
ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен
ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан
Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығына
(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 28, 424-құжат) мынадай
өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының
аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің
құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау,
өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату қағидаларында:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Әкімдердің сайлауына әзірлікті және оны өткізуді ұйымдастыратын
сайлау органдары облыстық, аудандық (қалалық) сайлау комиссиялары болып
табылады.»;

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

«8-1. Облыстық сайлау комиссиясы:

1) әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында сайлау туралы заңнаманың
орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

2) төменгі тұрған аумақтық сайлау комиссияларының қызметіне
басшылық етеді; олардың шешімдерінің күшін жояды және тоқтата тұрады;
сайлау науқанын өткізу үшін бөлінген мемлекеттік бюджет қаражатын олардың
арасында бөледі; төменгі тұрған аумақтық сайлау комиссияларының қызметіне
қажетті материалдық-техникалық жағдайлардың жасалуын бақылайды; төменгі
тұрған аумақтық сайлау комиссияларының шешімдері мен іс-әрекеттеріне
(әрекетсіздігіне) арыздар мен шағымдарды қарайды; тиісті әкімшілік-аумақтық
бірліктің шегінде құрылған төменгі тұрған аумақтық сайлау комиссияларының
Орталық сайлау комиссиясының шешімдерін орындауын ұйымдастырады;

3) сайлауға әзірлікке және оны өткізуге байланысты мәселелер бойынша сайлау комиссияларының, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың есептерін, сондай-ақ сайлау туралы заңнаманың сақталуы мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктер органдарының ақпаратын тыңдауға құқылы;

4) «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

9-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«әкімдердің сайлауын тағайындайды және оның өткізілуін қамтамасыз етеді;»;

13-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жергілікті қоғамдастықпен консультациялар тиісті аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы тағайындаған сәттен бастап жүргізілуі мүмкін.»;

мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

«14-1. Аудан (қала) әкімі әкімдікке кандидаттарды ұсыну туралы ұсынымын аудандық (қалалық) сайлау комиссиясынан дауыс беруге кемінде екі күн қалғанда кері қайтарып ала алады.

Бұл жағдайларда тиісті аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы кандидатты тіркемейді не кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды және қабылданған шешім туралы аудан (қала) әкіміне хабарлайды.»;

40-тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сайлау комиссияларын ұйымдастыруға және қызметіне:

сайлау комиссиялары мүшелерінің жалақысы;

жалақыға үстемеақы;

техникалық қамтамасыз ету (компьютерлер, ұйымдастыру техникасын сатып алу, жабдықтарды жалға алу және жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ дауыс беруге арналған құрал-жабдықтарды сатып алу және жасау);

көлік шығыстары;

бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;

байланыс қызметтері, почта-телеграф шығыстары;

полиграфиялық шығыстар;

кеңсе және шаруашылық тауарларын, ұрандар, плакаттар, мемлекеттік рәміздер үшін материалдар сатып алу;»;

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«45. Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімінің сайлауын Қазақстан Республикасының тиісті аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы әкімнің өкілеттік мерзімінің аяқталуына кемінде қырық бес күн қалғанда тағайындайды. Әкімнің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап үш ай ішінде сайлау өткізіледі.»;

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«46. Әкімдердің сайлауында дауыс беру және сайлау қорытындыларын анықтау «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы

28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында белгіленген сайлау рәсімдеріне сәйкес, осы Қағидалардың 46-1-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асырылады.»;

мынадай мазмұндағы 46-1-тармақпен толықтырылсын:

«46-1. Таңдаушылардың дауыстары тең болған жағдайда, қайта дауыс беру өткізіледі.

Қайта дауыс беру сайлау күні өткізіледі.»;

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«55. Егер сайлау жарамсыз деп танылса не қайта дауыс беру сайланған кандидатты айқындауға мүмкіндік бермесе, аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы қайта сайлау өткізу туралы шешім қабылдайды.»;

60-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«60. Облыстық, аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы таңдаушылардың тізімдерін жасау қағидалары, дауыс беру және дауыстарды санау, сайлау қорытындыларын анықтау тәртібі бұзылған, осы Қағидаларды басқа да бұзушылықтар орын алған жағдайда, егер бұл іс-әрекеттер таңдаушылардың ерік білдіру нәтижелерін дұрыс анықтауға мүмкіндік бермейтін болса, әкімдер сайлауын жарамсыз деп тануы мүмкін.».

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті



Н. Назарбаев

Астана, Ақорда, 2014 жылғы

№ 792

Қазақстан Республикасының
Президенті
ЖАРЛЫҚ



Президент
Республики Казахстан

УКАЗ

Подлежит опубликованию в Собрании актов
Президента и Правительства Республики
Казахстан и республиканской печати

**О внесении изменений и дополнений
в Указ Президента Республики Казахстан от 24 апреля 2013 года
№ 555 «О некоторых вопросах проведения выборов акимов городов
районного значения, сельских округов, поселков и сел Республики
Казахстан, не входящих в состав сельского округа»**

В соответствии с подпунктом 4-1) статьи 17 Конституционного закона Республики Казахстан от 26 декабря 1995 года «О Президенте Республики Казахстан» **ПОСТАНОВЛЯЮ:**

1. Внести в Указ Президента Республики Казахстан от 24 апреля 2013 года № 555 «О некоторых вопросах проведения выборов акимов городов районного значения, сельских округов, поселков и сел Республики Казахстан, не входящих в состав сельского округа» (САПП Республики Казахстан, 2013 г., № 28, ст. 424) следующие изменения и дополнения:

в Правилах избрания на должность, прекращения полномочий и освобождения от должности акимов городов районного значения, сельских округов, поселков и сел Республики Казахстан, не входящих в состав сельского округа, утвержденных вышеназванным Указом:

пункт 8 изложить в следующей редакции:

«8. Избирательными органами, организующими подготовку и проведение выборов акимов, являются областные, районные (городские) избирательные комиссии.»;

дополнить пунктом 8-1 следующего содержания:

«8-1. Областная избирательная комиссия:

- 1) осуществляет на территории административно-территориальной единицы контроль за исполнением законодательства о выборах;
- 2) руководит деятельностью нижестоящих территориальных избирательных комиссий; отменяет и приостанавливает их решения; распределяет среди них средства государственного бюджета, выделенные для проведения избирательной кампании; контролирует создание необходимых материально-технических условий для деятельности нижестоящих территориальных избирательных комиссий; рассматривает заявления и жалобы на решения и действия (бездействие) нижестоящих территориальных избирательных комиссий; организует исполнение решений Центральной избирательной комиссии нижестоящими территориальными избирательными комиссиями, образованными в пределах соответствующей административно-

территориальной единицы;

3) вправе заслушивать отчеты избирательных комиссий, государственных органов и организаций по вопросам, связанным с подготовкой и проведением выборов, а также информации органов общественных объединений по вопросам соблюдения законодательства о выборах;

4) осуществляет другие полномочия в соответствии с Конституционным законом Республики Казахстан от 28 сентября 1995 года «О выборах в Республике Казахстан.»;

подпункт 1) пункта 9 изложить в следующей редакции:

«1) назначает выборы акимов и обеспечивает их проведение;»;

пункт 13 дополнить частью второй следующего содержания:

«Консультации с местным сообществом могут проводиться с момента назначения выборов соответствующей районной (городской) избирательной комиссией.»;

дополнить пунктом 14-1 следующего содержания:

«14-1. Представление акима района (города) о выдвижении кандидатов в акимы может быть отозвано им из районной (городской) избирательной комиссии не позднее чем за два дня до голосования.

В этих случаях соответствующая районная (городская) избирательная комиссия не производит регистрацию кандидата либо отменяет решение о регистрации кандидата и информирует о принятом решении акима района (города).»;

подпункт 1) части второй пункта 40 изложить в следующей редакции:

«1) организацию и деятельность избирательных комиссий:

заработная плата членов избирательных комиссий;

начисление на заработную плату;

техническое обеспечение (приобретение компьютеров, оргтехники, аренда оборудования и техническое обслуживание оборудования, а также приобретение и изготовление инвентаря для голосования);

транспортные расходы;

публикация в средствах массовой информации;

услуги связи, почтово-телеграфные расходы;

полиграфические расходы;

приобретение канцелярских и хозяйственных товаров, материалов для лозунгов, плакатов, государственной символики;»;

пункт 45 изложить в следующей редакции:

«45. Выборы акима городов районного значения, сельских округов, поселков и сел Республики Казахстан, не входящих в состав сельского округа, назначаются соответствующей районной (городской) избирательной комиссией Республики Казахстан не позднее чем за сорок пять дней до окончания срока полномочий акима. В случае досрочного прекращения полномочий акима выборы проводятся в течение трех месяцев со дня досрочного прекращения полномочий.»;

пункт 46 изложить в следующей редакции:

«46. Голосование и определение итогов выборов акимов осуществляются в соответствии с избирательными процедурами, установленными

Конституционным законом Республики Казахстан от 28 сентября 1995 года «О выборах в Республике Казахстан», с учетом особенностей, установленных пунктом 46-1 настоящих Правил.»;

дополнить пунктом 46-1 следующего содержания:

«46-1. В случае равенства голосов выборщиков проводится повторное голосование.

Повторное голосование проводится в день выборов.»;

пункт 55 изложить в следующей редакции:

«55. Если выборы были признаны недействительными либо повторное голосование не позволило определить избранного кандидата, районная (городская) избирательная комиссия принимает решение о проведении повторных выборов.»;

пункт 60 изложить в следующей редакции:

«60. Областная, районная (городская) избирательная комиссия может признать выборы акимов недействительными в случае нарушения правил составления списков выборщиков, порядка голосования и подсчета голосов, определения итогов выборов, других нарушений настоящих Правил, если эти действия не позволяют с достоверностью определить результаты волеизъявления выборщиков.».

2. Настоящий Указ вводится в действие со дня подписания.

**Президент
Республики Казахстан**

Н. Назарбаев

Астана, Акорда, 9 апреля 2014 года

№ 792

